

Синтакистен өткенді қайталау

Сабақтас құрмалас 6 түрге бөлінеді:

1. Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем
2. Қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем
3. Себеп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем
4. Мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем
5. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем
6. Мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем

түрі	ереже	сұрағы
Шартты бағыныңқы	Бағыныңқы сөйлемі басыңқы сөйлемінің шартын білдіреді	қайтсе? не етсе? қайткенде? не еткенде? қайтпейінше?
Қарсылықты бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлеміне қарама-қарсы болып келеді	қайтсе де? қайткенмен? не етпестен? не ете тұра? қайткенше? не еткені болмаса?
Себеп бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемнің себебін білдіреді	неліктен? не үшін? не себепті? не деп?
Мезгіл бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемнің мезгілін білдіреді	қашан? қай кезде? қашаннан бері?
Қимыл-сын бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемде айтылған іс-қимылдың қалай орындалғанын білдіреді.	қайтіп? не етіп? қалай?
Мақсат бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемдегі ойдың мақсатын білдіреді.	не мақсатпен? не үшін? не етпек болып?

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас.

1	-ғандықтан,-гендіктен,-қандықтан,-кендіктен	Күн жылы болғандықтан, біз серуенге шықтық.
2	(-ғаны,-гені,-қаны,-кені)+үшін	Күн жылы болғаны үшін, біз серуенге шықпадық
3	(-ма,-ме,-па,-пе,-ба,-бе)+й	Оның уақыты болмай, жиналысқа бара алмады.
4	-ып,-іп,-п	Күн жылы болып, біз серуенге шықтық.
5	ашық райлы етістікке + деп	Кешке теледидардан өзін көрсетеді деп, барлық достарын жинады.
6	(-ған,-ген,-қан,-кен) +соң	Күн жылы болған соң, біз серуенге шықтық.

Назар аударыңыз!

1.-са, -се:	- шартты бағыныңқы: - қарсылықты бағыныңқы: - мезгіл бағыныңқы:	Егер ол үйленсе, той болады. Ол айтса да, тындамады. Мен үйге келсем, ол кетіп қалыпты.
2.-ғанда,- генде,-қанда,- кенде:	- шартты бағыныңқы: - мезгіл бағыныңқы:	Егер ол дұрыс айтқанда, келер едім. Ол үйге келгенде, той аяқталды.
3.-ып,-іп:	- себеп бағыныңқы: - қимыл-сын бағыныңқы:	Күн суық болып, үйде отырдық. Ол жүгіріп келіп, хабарды айтты
4.-ғанша,- генше, -қанша,-кенше	- қарсылықты бағыныңқы: - мезгіл бағыныңқы:	Далада тұрғанша, үйде кірейік. Ол келгенше, сабак аяқталды.

Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас.

1	(-мақ,-мек,-пақ,-пек,-бақ,-бек)+ -шы,-ші+болып	Ол оқымақшы болып, қалаға келді.
2	- у +үшін	Ол оқу үшін қалаға келді.
3	(шартты,қалау,бұйрық райлар)+деп	Ол оқысам деп, қалаға келді.
4	(-қы,-кі)+ тәуелдік жалғау + келіп	Ол оқығысы келіп, қалаға келді.

Сұрақтары:

Не мақсатпен?

Не үшін?

Неге?

Не деп?

Тұйық етістікке, кейде болжалды келер шақ есімшенің болымсыз түріне үшін шылауының тіркесуі арқылы
Мысалы: айту үшін

Мақсат бағыныңқының баяндауыштары мынадай жолдармен жасалады:

-Мақ, -мек жұрнақты етістіктен кейін болып көмекші етістігінің тіркесуі арқылы
Мысалы: Бармак болып

Етістіктің шартты, қалау және бұйрық райының 3-жағынан кейін деп көмекші етістігінің тіркесуі арқылы
Мысалы: айтайын деп

3. «Білімпаздардың қалашығы». Сәйкестендіру тесті.

1. Қазақстан Республикасы ұлан – байтақ жерді алып жатыр, ол ұлан – ғайыр кең өлке.

2. Отан деген сөзді күнде естиміз, себебі Отан дегеніміз – адамның туып өскен жері.

3. Адамның жақсы, бақытты өмір сүруі көп жағдайда Отанға деген сүйіспеншілігіне байланысты.

4. Отан – ошағым.

5. Тәуелсіздік ұлттың санасын оятып, баршаны ата-баба жолына үнілдірді.


Сабақтас құрмалас сөйлем

Жалан сөйлем

Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем

Жақты сөйлем

Жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем



Мына жұрнақтармен қай сабақтас құрмалас сөйлем жасалады?

- 1.-са, -се;
2. –са да, -се де;
- 3.-ғандықтан, -гендіктен;
4. –ып, -іп, -п;
5. –ғанда, -генде, -қанда, -кенде, уақытта, кезде;
6. –у үшін, -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек;

- **Шартты бағыныңқылы**
- **Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас**
- **Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем**
- **Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас**
- **Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас**
- **Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас**

- ▶ **Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерінің аудармасын жаз.**
- ▶ 1.Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.....
- ▶ 2.Қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.....
- ▶ 3.Себеп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.....
- ▶ 14.Мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.....
- ▶ 5.Қимыл сын бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.....
- ▶ 6.Мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем.....

- ▶ *Екі сөйлемнен сабақтас құрмалас сөйлем құрастыр.*
- ▶ *1. Жаңбыр жауды. Үйден шыға алмадым.*
- ▶ *2. Машина бұзылды. Әкем жұмысқа жаяу барады.*
- ▶ *3. Менің кітап алуым керек. Бүгін кітапханаға барамын.*
- ▶ *4. Мен ұйықтап қалдым. Сабаққа кешіктім.*

- ▶ **1-жаттығу: Себеп-салдар салаласты себеп бағыныңқылы сабақтасқа айналдырып жазыңдар.**
- ▶ **Ой-ұғымы, сезім-түйсігі ұқсас, жаны жалғас адамдар ғана бір-бірімен тату дос бола алады, өйткені ондай адамдар бір-бірінің жай-күйін жақсы ұғысады. Өтірік айтудан сақтаныңдар, себебі өтірікшілер - имансыздар. Тіпті пайдасын көріп тұрсаңыздар да, өтіріктен сақтаныңыздар, себебі түбінде өтірікшінің күні қараң. Әділеттілік - Алланың жердегі терезесі, әділетті адамды сол терезе бейішке бастап апарады. Білім алу жолындағы табандылықтан артық іс жоқ, себебі ілім кісіні ізет пен абыройға жеткізетін құрал болып табылады. Жомарт кісінің қателіктерін кешіріңдер, себебі Алла тағала, ол сүрінген сайын, қолынан ұстап, құлатпайды.**

- ▶ Екі жай сөйлемнен сабақтас құрмалас сөйлем құрастыр.
- ▶ 1. Мұғалім келді. Жиналыс басталды.
- ▶ 2. Сен көп жүрдің. Аяғың ауырды.
- ▶ 3. Мен Ыстықкөлге бардым. Досыммен кездестім.
- ▶ 4. Жаңбыр жауды. Жер көгерді.
- ▶ 5. Досым маған келмеді. Мен киноға бармадым.

- ▶ **135-жаттығу:** *Төмендегі сөйлемдердің басыңқы сыңарларын ойдан жазып, себеп бағыныңқылы сабақтас құраңдар.*
- ▶ 1. Қуанышы қойына симай, 2. Күн сәулесі кеткендіктен, 3. Сорпа тимеген соң, 4. Соны Ербол біліп қоймасын деп, 5. Көп жатуға уақыт мүмкіндік бермей, 6. Шұға шын ауруға айналған соң,
- ▶ 7. Қысқа жіп күрмеуге келмей, 8. Қастарында көлденең кісі болғандықтан,

- ▶ *1-тапсырма: Себеп-салдар багыныңқы сабақтас сөйлемдердің тыныс белгілерін қойып, багыныңқысының баяндауыштарының жасалу жолын түсіндір.*
- ▶ 1. Бәйбіше жанымды сығып бара жатқан соң мені ашу кернеп кетті. (-қан+соң) 2. Күн ұзаққа жол жүрген соң арбада отырып аяқтары ұйып та қалған екен. (-ған+соң) 3. Бәкен де ауылдық кеңеске мүше болып өткендіктен бұл ойларын жарыққа шығарады деп ойлап еді. (-дік+-тен) 4. Оқыған бұрынғы мамандығы механизация, электрофикация факультеті болғандықтан Строгов тегінде бұл жүрген механизмдердің көптеген көбін үйреншікті атай білетін. (-дық+-тан) 5. Таныс адам кездесер ме екен деп Жабай жер үйлерді аралап кетті. (-кен+деп) 6. Жаман қауымның жақсысы болғанша жақсы қауымның жаманы бол. (-ған+-ша)
- ▶ 7. Ол мезгілді уақытында келе алмай, біз біраз кешігіп қалдық. (ма+-й)

- ▶ *2-тапсырма: Құрмалас сөйлемдерді себеп бағыныңқы сабақтасқа айналдырып жазып, жасалу жолын айтыңдар.*
- ▶ **1.Өзен жағасы аздаған жарлау еді, ересек бала ақсақ баланы суға дейін көтеріп әкелді.**
- ▶ **2.Сабақ ерте біткен соң, балалар ойын ойнауға жиналды - себеп бағыныңқы сабақтас**
- ▶ **3.Биыл шөп қалың шықты, өйткені жаңбыр көп жауды - себеп-салдар салалас**
- ▶ **4. Мен ол күні келмедім, себебі көлік жоқ еді - себеп-салдар салалас**
- ▶ **5. Әлияның жүрегі тулап кетті, себебі келген адамды ол бірден таныды - себеп-салдар салалас**

- ▶ *4-тапсырма: Мына сөйлемдерді толықтыр.*
- ▶ 1. Үйде азық-түлік біткен соң, 2. Күні бойы далада көп жүргендіктен, ... 3. Арман озат оқушы болған соң, 4. Өзін-өзі тежей алмай, 5. Жұмыс бітпегендіктен, 6. Жомарт емтиханға әзірленбеген соң, ... 7. Кеш болып қалғандықтан, 8. Уақыты аз болған соң,
- ▶ 1. ..., балалар далада ойнады. 2. ..., университетте оқи алмады. 3. ..., інісіне сәлемдеме жіберді. 4. ..., басым ауырды. 5. ..., біз Сізді көрмедік. 6. ..., жеміс- жидек алдық. 7. ..., біз қуандық. 8. ..., ерте тұрамыз.